

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы N 1453 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 тамыздағы N 743 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "2002 жылғы 7 қазандағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияны іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы N 1453 қаулысына мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

тақырыбында "2002 жылғы 7 қазандағы" деген сөздердің алдынан "1993 жылғы 22 қаңтардағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияны және" деген сөздермен толықтырылсын ;

к і р і с п е д е :

қазақ тіліндегі мәтінде "бекітілген" деген сөз "ратификацияланған" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"Қазақстан Республикасының 2004 жылғы" деген сөздердің алдынан "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 31 наурыздағы қаулысымен ратификацияланған 1993 жылғы 22 қаңтардағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияның 5-бабын және" деген сөздермен толықтырылсын;

"(бұдан әрі - Конвенция)" деген сөздер "(бұдан әрі - Конвенциялар)" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мәтіндегі "Конвенцияның" деген сөз "Конвенциялардың" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

1-тармақта "Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің" деген сөздер "Мәдениет және ақпарат министрлігінің" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*